

«Кино және ән тарихы» викторинасы

2014 жылғы 3-і сәуір күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде экономикалық факультетінің студенттеріне арналған «Кино және ән тарихы» атты викторина өткізілді. Викторинаға экономика факультетінің «Маркетинг және сервис» кафедрасы кураторларының академиялық топтары 110-«Маркетинг», 111-«Әлеуметтік-мәдени сервис», 112-«Әлеуметтік-мәдени сервис», 205-«Есеп және аудит», 206-«Есеп және аудит», 209-«Маркетинг», 210-«Әлеуметтік-мәдени сервис», 211-«Әлеуметтік-мәдени сервис», 310-«Әлеуметтік-мәдени сервис», 311-«Әлеуметтік-мәдени сервис» қатысты.

Іс-шараны ұйымдастырушы кураторлар Жақсыбекова А.Б. (205-ЕА), Рысмағанбетова А.К. (210-ӘМС), Құттаяқова Г.Ж. (111-ӘМС). Викторинаға қатысуға 7 топтан 7 команда құрылды.

Іс-шарада тәрбие бөлімінің өкілдері, деканат өкілдері, экономика факультетінің оқытушылары, сонымен қатар университетіміздің студенттері де болды.

Викторина қорытындысын бағалаған әділ қазылар төрайымы Шаяхметова Баян Мұсахметқызы, әділ қазылар алқасы доцент Ахметова Д. Т., доцент Тукенова Б. И., э. ф. к. Муталляпова Ш. Е., э. ф. к., аға оқытушы Асилев Б. Ө. болды.

Викторина 5 турдан болды:

- 1 тур – Қазақстан Республикасының кино және ән тарихы
- 2 тур – Кино және ән тарихы бойынша жұмбақтар
- 3 тур – Сұрақтар
- 4 тур - Әнді және танымал адамдарды тап
- 5 тур – «Команда капитаны және көрермендер» ойыны

Викторина қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. 1-ші орынды 206 «Учет и аудит» тобының студенттері, 2-ші орынды 310 «Әлеуметтік-мәдени сервис» тобының студенттері, 3-ші орынды 311 «Социально-культурный сервис» тобының студенттері иеленді. Сайыс жеңімпаздары құрмет грамоталарымен, сыйлықтармен марапатталды. Қалған топтар сайысқа белсене қатысқаны үшін алғыс хаттармен марапатталды.

Әр оқытушының міндеті студенттерді өз іс-әрекеттерімен тәрбиелеп қана қоймай, студенттер өз білімдерін көрсете алатын, танымдарын жетілдіру және командалық жұмыс дағдыларын алатын осындай іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылады. «Маркетинг және сервис» кафедрасының оқытушылар ұжымы алдағы уақытта осындай іс-шараларды өткізуді жоспарлайды.

